

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы
2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп
педагог-психологтарының жұмыс есептері

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
- Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
- Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардыңтабысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық күзiреттiлiгiн көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық күзiреттiлiгiн арттыру;

Психодиагностика.

Оқыту мен тәрбиелеудегі проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу.

Психопрофилактика.

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

Психологиялық кеңес беру.

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық түзету.

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс.

Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

Психологиялық ағарту.

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Психологиялық қызметтің нормативтік құқықтық актілері бар.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында ПМПК тізімінде тұрған оқушылар саны:17.

Үйдегі оқуда 2 оқушы тіркелген.

Әр оқу жылында мектебіміздің психологиялық қызмет жұмысының жоспарлары құрылып, мектеп директорымен бекітіледі:

http://sc0001.korgalzhyn.aqmoedu.kz/public/files/2024/4/26/260424_111919_2023-2024-ghyly-psihologtyn-ghumys-ghospary.pdf

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:


2023-2024 оқу жылы

1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдауға қатыстық.

1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Йерасек-Керн тесті пайдаланды. Сондай ақ мына әдістемелер қолданылды: «Мектептегі оқуға қабілеттілігін зерттеу» әдістемесі, «Моншақ»жаттығуы, «Шатасқан сызықтар» ойыны.

1 класс оқушыларының мектепке дайындығын анықтау диагностикасы

Керн Йерасек әдістемесі бойынша



Сауалнама қорытындысының талдауы

	жоғары	орта	төмен
1 "а" класс	17%	4%	3%
1 "ә" класс	13%	2%	1%
1 "б" класс	15%	1%	2%

Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерінің қалыпты дамығандығы анықталды.




Сонымен қатар 1, 5 сынып оқушыларының жоғары буынға ауысуы кезіндегі бейімделуін анықтау мақсатында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар атқарылды. Филлипс тесті, өзін – өзі бағалау, түзету жаттығулары жүргізілді.

Нәтижесінде 1, 5 сынып оқушыларының жоғары сыныпқа бейімделулерінің жеңіл өтуіне өз үлесімізді қостық. Сондай ақ мына әдістемелер қолданылды: Оқу мотивациясы мен мектепке көзқарасын анықтау сауалнама, Социометрия, Векслердің интеллект шкаласы, Пәндерге көзқарас, Ассоциативтік ес көлемін анықтау, Зейінді бағалау (Мюнстербег әдістемесі).

5-ші класс оқушыларының орта буынға бейімделуі

Мюнстербег әдістемесі бойынша



5-ші класс оқушыларының орта буынға бейімделуі Мюнстербег әдістемесі бойынша сауалнаманың қорытындысы

	жақсы	орта	төмен
5 "а" класс	17%	3%	2%
5 "ә" класс	16%	4%	2%
5 "б" класс	15%	4%	1%
5 "в" класс	12%	1%	1%

Сондай-ақ 8-11 сынып арасында «Буллингтің алдын алу жолдары», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сауалнамалар алынды. Нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталған жоқ.

16.10.23ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 9 класс оқушыларымен "Құқықбұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу" тақырыбында кездесу өтті. Мақсаты: оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтарды болдырмау, түнгі уақытта жүрмеу, мектеп қабырғасында моббингке жол бермеу. Іс-шараға

Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция майоры О.Дәулетов, Қорғалжын аудандық ауруханасының қызметкері Е.Аубакиров қатысты.



Он сегізінші қазан күні “Шектеулі мүмкіндіктің шексіз әлемі” инклюзивтік білім берудің ерекшеліктері атты мектепшілік семинар өтті. **Мақсаты:** Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру, саралап оқыту әдістерімен бөлісу, пән мұғалімдеріне психологиялық кеңестер беру. Мектептегі инклюзия және оның принциптерімен таныстыру. **Қатысушылар:** Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының инклюзивті кластарда сабақ беретін ұстаздар, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімінің бас маманы Шекенова Гульзат Рамазановна, КППК №18 психологы Аманжол Малика Қанатқызы, директордың оқу ісінің меңгерушісі, тәрбие ісінің меңгерушісі.



13 қазан- 4"а" класс оқушыларымен "Біз- тату сыныпшыз, ұжымдық қарым- қатынас" тақырыбында тренинг-сабақ өтті. Мақсаты: оқушылардың "Ұжымдық", "Достық" туралы түсініктерін кеңейту, өзара татулық, сыйластық қарым-қатынас қасиеттерін дамыту, ұстаз тұлғасын сыйлау, құрметтеуге тәрбиелеу.



18 қазан- А.Төлеубаев мектебінде аудандық психологтар семинары өтті. Тақырыбы : «Инклюзивті білім беру ерекшелігі». Семинар барысында өзекті

мәселе тақырыбында баяндамалар оқылып, тренингтер ұйымдастырылды. Практикалық жұмыстар болды. Семинарға Байтурова А. қатысып, іс-тәжірибе бөлісіп, өзара пікірталасқа түсті. Семинар барысы қорытындыланып, кофе-брейкпен аяқталды.




Қазақстан Республикасы күні мерекесінің қарсаңында 6"а" класс оқушыларымен мектеп психологтары "Мен елімнің патриотымын" атты психологиялық тренинг сабағын өткізді. Оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге және патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу мақсатында өткен психологиялық тренингі өз мәресіне жетті.



9-11 сынып оқушыларынан мамандыққа икемділіктері зерттелді. Жеке жұмыстар алынды. Мамандық бойынша қызықтырған сұрақтарға жауаптар беріліп, кеңестер айтылып өтілді. Нәтижесінде оқушылар кәсіби бағыт-бағдар алып, болашақтағы қалаған мамандақтарын анықтады.

Мектептегі оқушылардың эмоционалды жай-күйін анықтау сауалнама қорытындысы



Мектептегі оқушылардың эмоционалды жай-күйін анықтау сауалнама қорытындысы

Көңіл-күй ашушаң	Саны: 9%
нейтралды	25%
қалыпты	35%
үрейлі	5%

Қатысқан оқушылар саны: 82

11 сынып балаларымен ҰБТ-де дайындық кезінде кездесетін кедергілерді жою мақсатында ойын-жаттығулар ұйымдастырылып, дайындық барысында ескеру қажет ережелер туралы айтылды.

Үйден оқитын оқушылар үнемі назарда. Олар: Ермағанбетова Айғаным мен Голобородько Данил. Осы ерекше балалардың үй жағдайымен таныса отырып, ата-аналарына қажетті ақпараттар беріліп, кеңестер айтылды. Баланың көңіл-күйі, сабаққа деген ынтасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы бақыланды.



Сонымен қатар 03.11.2023ж Қорғалжын ауылы мектеп- гимназиясында күзгі демалыс кезінде іс-шаралар жоспарына сәйкес 5 класс оқушыларымен "Әкеге ізет, анаға құрмет" тақырыбында психологиялық тренинг өтті.

Мақсаты: оқушыларға отбасы туралы ақпарат бере отырып, отбасын құрметтеуге, ата-анасын сыйлауға, кішіге қамқор, тату болуға тәрбиелеу. Тренинг барысында ұшақ ұшыру, тілек ағашы, пирамида құрастыру әдістері қолданылды. Оқушылар өз ойларын, алған әсерлерін қорытындылау үшін тілек ағашына отбасыларына арнап өздерінің жүрекжарды тілектерін арнады.





Қазан айының 30-31 күндері мектеп психологы Сулейменова А.Б. Көкшетау қаласында өткен екі күндік курсқа қатысты. Тақырыбы: «Мектеп жасындағы балалардың 4К дағдысын дамыту және қабілетін диагностикалау әдістемесін меңгеру»



Жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойыша іс-шаралар жүргізілді. «Өмірлік құндылықтар», «өмір туралы» ойларын білу мақсатында «Мен өмірді сүйемін» атты тақырыбында лекция өткізіді.

Зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында балалармен лекция, түсіндіру жұмыстары, сақтану жолдары тақырыбында шаралар өтті. Жасырын сауалнамалар алынды, сауалнама нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталмады.

Мектеп ұстаздарымен, жас мамандармен олқылықтардың орнын толықтыруда балалардың психикалық қасиеттеріне назар қою, жас мамандарға буллинг, өзін ұстау, балалармен қарым-қатынас бойынша кеңестер берілді.

09.11.2023ж күні мектебіміздің 11 класс оқушыларымен “Мамандық таңдауға дайынсың ба?” тақырыбында тренинг-сабақ өтті. Мақсаты: Кәсіптік бағдар беруде 11 класс оқушыларына психологиялық қолдау көрсету, мамандық әлемі және олардың ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту, оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау.

Тренинг барысында оқушылар бірнеше психологиялық жаттығулар орындады, олар: “Психогеометриялық тест”, “Менің артықшылықтарым мен менің кемшіліктерім” жаттығуы, Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типті анықтау тесті.



09.11.2023ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 9 "А" класс оқушыларымен "Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық акциясы аясында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Іс-шара барысында оқушылар зорлық-зомбылық түрлерімен танысты, сұрақтарға жауап берді. Өз ойларын сурет салу арқылы білдірді. Мектеп психологы тақырыпқа сай сауалнама алды.

"Тәрбиенің ең тамаша ортасы- отбасы" тақырыбында мектеп психологы 9 "а" класс оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және ата - ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасын нығайту.

Дөңгелек үстел 6 бөлімнен тұрды:

- 1.Амандасу "Шат көңіл"
- 2.Бес қадам әдісі
- 3.Топтық жұмыс
- 4."Өз пікірім..."(эссе)
- 5.Рефлексия
- 6.Бірлігіміз жарасқан(тренинг)



30.11.23 ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында мұғалімдер және техникалық қызметкерлермен 25-қараша әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күніне орай дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Қорғалжын АПБ ЖПҚБ полиция капитаны Е.Асанбаев, Қорғалжын аудандық криминалдық бөлімінің аға жедел уәкілі Е.Жұмабаев қатысып, тақырып бойынша өздерінің баяндамаларын оқыды. Барысында мектеп психологтары ұжыммен психологиялық тренинг, баяндама оқыды. Әлеуметтік бейне роликтер көрсетілді.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02sTwYxMFwwBFS5UQcnPXiCnQtZEcYBxzf7Kxn4dyAhSztEmNKuiiorcjcE3PJam371&id=100028393689410





1 «б» класс оқушысы Ермекұлы Ерасылмен жеке жұмыс жүргізіледі.



Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы Носко Е., Сәрсенбаевтардың отбасысы үнемі назарда, бақылауда тұр. Сонымен қоса, психологтың жеке құжаттарын реттеу, арнайы сыныптармен дөңгелек үстелдер, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңес отырыстарында баяндама әзірлеп, үнемі педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізіледі.





4 «ә» класс оқушысы Балтабай Фариза мен 4 «в» Носко Элизаветамен - психологиялық қолдау сабақтары өткізілді.



№ 2 педагогикалық кеңесте мектеп психологы А.Байтурова «**Оқушылардың психологиялық жағдайын зерделеу**» тақырыбында баяндама оқыды. Мақсаты: Білім беру ұйымының педагог ұжымы мен әкімшілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға психологиялық жұмыс түрлерінің модульдерімен таныстыру.



2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспарына сай әр кезеңге бөлінге жұмыс күнтізбе бойынша атқарылып отырды.

ПМПК тізіміндегі балалармен әр апта жеке түзету сабақтары, үйде оқытылатын балалармен жеке сабақтар, 5, 7, 9, 10 класс оқушыларымен тренинг-сабақтар, бастауыш және мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерімен өзара сабаққа қатысып, белсенділіктерін анықтау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде, әлі де жалғасын тапшақ.

12.01.2024ж күні мектебімізде 2019,2020,2021,2022 жылғы түлектердің қатысуымен жоғарғы класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша кездесу ұйымдастырылды. Тақырыбы: Мамандықты дұрыс таңдай білейік. Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдаудағы негізгі қағидалар туралы түсініктерін қалыптастыру, мамандықтарға деген ынта - ықыласын, қызығушылықтарын арттыру. Мектебіміздің түлектерімен пікір алмасу, ҰБТ-ға тиімді дайындалу жолдары туралы бөлісу.

Мамандықты дұрыс таңдай білу-болашақ өмірінің азығы болатынын түсінген түлектер, өз ретінде оқуға түсу барысында кездескен қиындықтар, мақсатқа оңтайлы жету жолдарымен бөлісті. Олар өз ойларын ашық, бүкпесіз жеткізе білді. Ал оқушылар көкейтесті сұрақтарына жауап алып, пікірталас қыза түсті. Кейін шақыртылған түлектердің мектеп өміріндегі қызықты сәттерінен жасалған бейнеролик тамашаланды.

Кездесуге қатысқан түлектер: Асылхан Аружан-2019 жылғы түлек, Дангилова Аружан-2019 жылғы түлек, Тажина Мадина - 2020 жылғы түлек, Қаппасов Айсұлтан-2021 жылғы түлек, Сайлаубекова Назира - 2021 жылғы түлек және Каптысалиямов Саят - 2022 жылғы түлек.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0dwGUyQPR2mCvYwMvJXLhn_aey1j57asyLkC3y7impEQQsqBBjAUfXBiFKiGVZzqi4l&id=100028393689410



19.01.2024 ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында жас мамандар отырысы өтті. Отырыстың мақсаты: жас ұстаздарға әдістемелік көмек көрсету, психологиялық тұрғыдан қолдау, өзара тәжірибемен бөлісу. Кездесу басы жағымды көңіл-күймен басталып, әрі қарай топтық жұмыстармен жалғасты. Ұстаздар "Бос құмыраны толтыр" әдісі арқылы түрлі-түсті бояумен боялған құмға тілектерін айтып кездесуді қорытындылады.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0a27NjrYC2NBjfpjBivXUjvi8z4eV2XYCvXmp5UMYi8XKHhc4VxHgZcZToZrEjxfl&id=100028393689410



19.01.2024ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 9 класс оқушыларымен "Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың және зиянды әдеттердің алдын алу" тақырыбында дәріс сабағы өтті. Сабаққа Қорғалжын ауданы ПБ Криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі полиция подполковнигі А.Егимбаев қатысты. Кездесу барысында оқушыларға интернет алаяқтарынан аулақ болу, нашақорлықтан сақтану туралы мектеп медбикесі және психологтары баяндама оқыды.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0zkhDps6bFHbpVoNAwSwxSM2LdLZDBusGPYWMXyL4QtTMi1ityMNI9D8uuW6Nwnfpl&id=100028393689410



25.01.2024ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 4”а” класс оқушыларымен “Зиянды әдеттерден аулақ бол” тақырыбында тренинг сабақ өтті. Тренингке Аудандық аурухананың педиатр дәрігері М.Шардарбекова мен лор-окулист мейірбикесі К.Джабаева, мектеп медбикесі А.Бекенова қатысты. Іс-шарада оқушылар бойына салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды заттардың салдарынан болатын қауіптен сақтау мақсаты қойылды. Жұмыс барысында балалар көрініс қойып, өз жобаларын қорғап, мақал-мәтел жарысына белсене қатысты. Аурухана қызметкерлері оқушыларға тақырып бойынша сұрақтарын қойып, зиянды әдеттер жайлы әңгімелесті.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02SsYk9JfYW37idx1tccnHbH7r6s219jRJ3U1TthMYSSH9FVAVGkhHDXZhVK48s1ehl&id=100028393689410



30.01.2024ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 29.01-17.02.2024 аралығында өтетін Республикалық "Досболіке: достық қолын ұсын" акциясының ашылу салтанаты өтті. Бастауыш класс оқушыларымен “Достық ағашы” тренингі және мақал-мәтелдер сайысы болды.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02n3dmF58a68QVJnmi5m3B37ojnS4Lrvjt6tskhs5mT9pAvtGJaWYLxUgddFaYL2w6l&id=100028393689410



31.01.2024ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында Республикалық "ДосболLike" акциясының мектепшілік жоспарына сәйкес бастауыш класс оқушыларымен достық тақырыбында флешмоб өткізілді. Оқушылар "Досыма хат" қорабына өздерінің достарына арналған хаттарын, тілектерін салды.



02.02.2024ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасына сәйкес бастауыш, орта, жоғары буын оқушылармен ұлттық ойындар(орамал тастамақ, қолтірес, асық ату, мергендер сайысы, шаш өру сайысы) өткізілді.

Жақсы сөз, жылы тілек әр адамның көңіл-күйін көтереді, жүрегіне жылулық сыйлайды. Өзара құрмет бір-біріне жақсы сөздерді жиі айту нәтижесінде артады. Осы мақсатта мектебімізде Республикалық “Досболайық:достық қолын ұсын” акциясы аясында ұстаздар мен оқушылар “Жақсы сөз жүрекке жылу береді” атты челленджіне қатысты. Бір-бірімізге үнемі жылы сөз айтып жүрейік!

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02bxVAjwd23ZzCTp_itwqzAaD1xuWxwTckwDtEhfD64GnmmybqKgVsssKpzBTzDoRY9l&id=100028393689410

06.02.24ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында “Досболlike: достық қолын ұсын” акциясы аясында оқушылармен “Достық флешмобы” өткізілді.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1233825480907230&set=a.112021239754332>



Достық - өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Осы орайда бастауыш класс оқушыларымен “Достық қарым-қатынас” ұғымы жайлы терең түсінік беру мақсатында бейнеролик түсірілді.

10.02.24ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында Республикалық “Dosbollike:достық қолын ұсын” акциясының мектепшілік жоспарына сәйкес 5-7 класс оқушылары арасында “Ойын-күлкі витамин” тақырыбында КТА ойындары өтті.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02upzvwTp1CaiSQgn58MxsYeMd5rVNHnoviNySJEQH7E1yGx9J3UZcmYZb7Eb29mz1l&id=100028393689410



13.02.24г в 4 классе прошёл классный час на тему “Дружная семья” Цель: способствовать воспитанию чувства уважения друг к другу, взаимопомощи, сплочению коллектива, развивать творческую активность. Дети активно участвовали в игре "Кто мой друг?", в тренинге "Мы единое целое" собирали пазлы известных персонажей, говорили пословицы. Завершили классный час с песней "Настоящий верный друг".

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0RoxKiDtpLBeX6cCx8vxZZ5xDkLRTE8kuWcKYzVtAxV4CBt9j5ivr4aLqVLiGKSUWI&id=100028393689410



01.03.24ж Қорғалжын ауылы мектеп гимназиясының 1 класс оқушылары арасында “1 Наурыз - Алғыс айту күніне” орай “ Алғыс айта білейік” челленджі өткізілді.

01.03.2024 ж күні мектебімізде Алғыс айту күніне орай үзіліс кезінде оқушылармен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты:

- ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Тренинг барысында оқушылар жақын адамдарына алғыстарын жазды және отбасы, татулық, достық туралы мақал-мәтелдер айтты.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0ETdpjJiGHJbWkuHTFRzB6Vhjh3xvB54aSxp1EEbKBJKmU1Q9LfXmSD8dGv4SnTbtI&id=100028393689410



02.04.2024ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының мәжіліс залында жоспарға сәйкес Аудан прокуратурасы прокурорының көмекшісі Қ.Берғалиұлы , Білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Турсынова қатысуымен 9-11 класс оқушыларымен кездесу өтті.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп психологы А.Байтұрова, баяндама тақырыбы: "Заң және жасөспірім"
2. Аудан прокуратурасы прокурорының көмекшісі Қ.Берғалиұлы, баяндама тақырыбы "Бопсалау, есірткі препараттарын қолдану және тарату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі"
3. Білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Турсынова, баяндама тақырыбы "Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, бопсалаудың алдын-алу бойынша"

Кездесу барысында оқушылар қызықтырған сұрақтарын қойды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1265783347711443&set=pcb.1265789097710868>



22-26.04.24 ж Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында "Жыныстық тәрбие. Сен ол туралы не білесің?" тақырыбында мектеп психологтары мен аурухана қызметкерлерінің қатысуымен 6-8 класс оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді,

түсіндірме жұмыстары жүргізіліп,баяндама оқылды. 9- 11 класс жоғарғы буын оқушыларымен "Ерте жастағы жыныстық қарым-қатынастың зардабы" тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, нақты фактілер дәлел ретінде көрсетілді. Аталмыш тақырыпта сауалнамалар алынды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1281636982792746&set=pcb.1281637189459392>



Сәуір айының 8-24 аралығында кластар арасында педконсилиум отырысы болып, оқшылардан «Менің сүйікті сыныбым», «Мен және менің ұстазым» атты тақырыптарда психологиялық сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша бастауыш класс оқушыларының орта буынға дайындығы қалыпты деңгейде екенін көрсетті.

10.05.2024 ж күні мектебімізде “12 мамыр - Аналар күні” мерекесіне орай жоғарғы класс оқушыларымен “Анаға мың алғыс” тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушылар бойындағы анаға деген құрмет, сыйластық, қамқорлық сезімін дамыту. Оқушыларды мейірілімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Іс-шара барысында оқушылар топтық жұмыс, пікірталас, миға шабуыл әдіс-тәсілдері арқылы өз ойларын жеткізе алды. Қатысқан қонақтар: Аналар кеңесінің төрайымы: Баймуханова З.Қ, Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері Тұрсынова А.А.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1288477085442069&set=pcb.1288477508775360>





Қорытынды:

Әр оқу жылының басында психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрастырылып, мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сай іс-шаралар кезеңдерімен атқарылып отырады. Мектеп психологының оқу жылына арналған жұмыс жоспары бес бағыт бойынша құрылды. Ол оқушыларды диагностикалау, түзету, кеңес беру, ағарту және алдын алу жұмыстары болып келеді. Бұл бес бағыт оқушылармен, дарынды оқушылармен, қиын оқушылармен, педкадрлармен, және ата аналармен жұмысты қамтиды. Жұмыс жоспарында оқушылардың мазасыздануын анықтау, өзіндік даму ерекшеліктерін анықтау, бағалау, алдын алу т.с.с ерекшеліктерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары енгізіледі. Сонымен қатар, ассоциалды қабілеттің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында алдын алу іс-шаралары да енгізіледі.

Ұсыныстар:

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен ұстаздың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді. Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.

Мектеп психологтары: А.Сулейменова

А.Байтурова